

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЕЛІМІЗДІҢ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІН БАРЫНША ДАМУ – АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ЕКЕНІН АТАП ӨТТІ. ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІН САЛУ, ВАГОНДАР МЕН ЛОКОМОТИВТЕР ПАРКІН ЖАҒАРТУ, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЖОЛДАРДЫ ЖАҒЫРТУ ЖӘНЕ ВОКЗАЛДАРДЫ РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛЫП ЖАТЫР. ПРЕЗИДЕНТТІҢ ТІКЕЛЕЙ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША БИЫЛ БІРҚАТАР ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ АЯҚТАУ ЖОСПАРЛАНУДА. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ «ДАРБАЗА-МАҚТААРАЛ», «МОЙЫНТЫ-ҚЫЗЫЛЖАР» ЖЕЛІЛЕРІ БАР.

Олжас БЕКТЕНОВ,  
ҚР Премьер-министрі



№48 (3195)  
23/06/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## БУДУЩЕЕ КЛЮЧЕВОГО МАРШРУТА МЕЖДУ ЕВРОПОЙ И АЗИЕЙ

**В столице Бельгии проходит международная бизнес-конференция «Укрепление связанности Казахстана и ЕС: перспективы и стратегический потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ)», организованная АО «НК «Қазақстан темір жолы» при поддержке Правительства Республики Казахстан и Посольства РК в Королевстве Бельгия.**

Мероприятие объединило более 100 высокопоставленных участников из Казахстана и стран Европейского Союза. В их числе: депутаты Европейского парламента, представители Европейской комиссии, руководители Администрации Президента и Правительства Республики Казахстан, руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы», представители международных финансовых институтов (ЕБРР, ЕИБ), крупнейшие транспортно-логистические компании, грузовладельцы и отраслевые ассоциации.

На конференции с ключевыми докладами выступили представители Администрации Президента РК, Правительства РК, Европейского парламента, руководства ҚТЖ, а также топ-менеджмент ведущих логистических корпораций ЕС, таких как DHL Global Forwarding, Alstom, DB Cargo, HHLA International, RHENUS, Hellmann Worldwide Logistics, Ahlers Logistics и A.P. Moller – Maersk.

Конференция проходит в рамках официального визита Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Королевство Бельгия по приглашению президента Европейского совета.

Данная площадка служит практическим продолжением стратегического диалога на высшем уровне. В рамках визита Главы государства запланированы важнейшие переговоры с президентом Европейского совета Антониу Коштоу, президентом Европейской комиссии Урсолой фон дер Ляйен, премьер-министром Бельгии Бартом Де Вевером.

В центре внимания участников находятся



стратегические вопросы развития Среднего коридора, в том числе повышение пропускной способности ТМТМ, модернизация железнодорожной, портовой и терминальной инфраструктуры, цифровизация логистических процессов, формирование устойчивых цепочек поставок на евразийском пространстве и другие.

Особое внимание в ходе дискуссий уделяется интеграции Среднего коридора с глобальной инициативой Европейского Союза Global Gateway,

а также расширению транспортной и цифровой связанности между Европой и Центральной Азией.

Высокий статус делегатов и синергия с повесткой визита Президента РК подтверждают растущий интерес европейских институтов, международных финансовых организаций и бизнеса к развитию Среднего коридора, закрепляя за Казахстаном статус ключевого транзитно-логистического хаба между Евразией и ЕС.

Асель ШАЙХЫНОВА

### ОЗЫҚ ІТ ЖОБА СЫНАҚТА



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов италияндық DBA Group холдингінің тобының өкілдерімен таныстырылымдық жұмыс кездесуін өткізді.

Кездесуге «QazCloud» ЖШС мен «Кедентранссервис» АҚ өкілдері де қатысты. Кездесу барысында терминалдарды басқарудың инновациялық жүйесін (Terminal Operating System – TOS) енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу мәселелері талқыланды. Тараптар жобаның қазіргі жай-күйін және жүйені интеграциялаудың техникалық аспектілерін қарастырды. DBA Group әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз ету отандық бұлттық қызметтер операторы – «QazCloud» ЖШС инфрақұрылымында орналастырылмақ. DBA Group Ltd. компаниясы ірі инфрақұрылымдық нысандардың өмірлік циклін басқаруға арналған технологиялық консалтинг, сәулет-инженерлік жобалау, жобаларды басқару және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында маманданған тәуелсіз халықаралық холдингтің топ.

Озық IT-шешімді сынақтан өткізу алаңы ретінде Алматы-1 терминалы таңдалып алынды. Ынтымақтастықтың басты мақсаты – терминалдық инфрақұрылымды автоматтандыру және ҚТЖ-ның жүк хабтарының операциялық тиімділігін арттыру болып отыр. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара іс-қимылды бастауға және жүйені пилоттық пайдалануға енгізуге дайын екендіктерін растады. Жоба сәтті жүзеге асқан жағдайда, бұл тәжірибе Қазақстанның басқа да терминалдарына кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Нұрбек БЕКЕН

### ЦИФРОВЫЕ МАГИСТРАЛИ



Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талғат Алдыбергенов провел рабочую встречу с руководством Huawei – директором по корпоративному бизнесу в Центральной Азии Цюй Лэй (Qu Lei).

Стороны обсудили дальнейшее внедрение передовых цифровых технологий и smart-решений для глубокой модернизации железнодорожной инфраструктуры Казахстана.

Главной целью ҚТЖ в рамках стратегического диалога являются ускоренная цифровизация транспортных коридоров, повышение безопасности движения поездов и создание высокотехнологичной ИТ-платформы для управления грузопотоками.

В ходе встречи стороны детально обсудили: внедрение современных систем технологической связи и беспроводной передачи данных на протяжении всей магистральной сети; интеграцию облачных решений и технологий искусственного интеллекта (AI) для предиктивного обслуживания инфраструктуры; реализацию совместных пилотных проектов по созданию «умных станций» и автоматизированных диспетчерских центров.

Алуа ТЛЕУБАЙ

### КӨПІРДЕ ҚОЗҒАЛЫС АШЫЛДЫ



Алматыны айналып өтетін теміржол желісі аясында салынған жаңа автокөлік көпірінің қозғалысы ашылды.

Жол өткелі Алатау астында құрамына кіретін Нұра және Туғанбай елді мекендерін Жетіген қаласымен байланыстырады. Көпір тәулігіне 15 мыңнан астам автокөлікті өткізуге асырылған және өңірдегі елді мекендер арасындағы қатынасты едәуір жеңілдетеді.

Жаңа жол өткелінің іске қосылуы автокөлік пен теміржол қозғалысының бір деңгейде қиылысуын толықтай жойды. Соның нәтижесінде Жетіген станциясы арқылы қатынау уақыты бірнеше минутқа дейін қысқарды. Автокөлік көпірінің құрылысы Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісі жобасы шеңберінде жүзеге асырылды. Жоба Алматы теміржол торабының өткізу қабілетін арттыруға, көлік ағындарын оңтайландыруға және өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған.

Сұлғу БAKECOVA

## Тасымал

### БЕС АЙДА – 131 МЛН ТОННА

**Биылғы жылдың бес айының қорытындысы бойынша «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ желісінде жүк тасымалдау көлемі 131 млн тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3% өскен.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана

Оның ішінде республикаішілік тасымалдар 68 млн тоннаға жеткен, экспорттық тасымалдар көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,2% өсіп, 38,2 млн тоннаны құраған.

Есетгі кезеңде, яғни 2026 жылғы қаңтар – мамыр айлары аралығында ҚТЖ-ның бүкіл

желісі бойынша 43,3 млн тонна тас көмір тасымалданған. Бұл 2025 жылғы қаңтар – мамыр көрсеткішінен 3% артық. Жалпы көлемнің 29,8 млн тоннасы қазақстандық тұтынушыларға бағытталса, бұл өткен жылғы деңгейден 2% артық. Экспортқа 13 млн тонна көмір жөнелтіліп, өсім 7% құрады.

Астық тасымалдауда оң қарқын байқалды. 2026 жылдың бес айында 6,3 млн тонна астық тасымалданды, бұл өткен жылдың

сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11% артық. Астық экспорты 11% өсіп, 4,9 млн тоннаға жеткен. Экспорттық қатынаста ұнтақ өнімдерін тасымалдау көлемі 18% ұлғайып, 1 млн тоннаны құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар – мамыр айларында ҚТЖ желісі бойынша түсті кен тасымалы 8,6 млн тоннаны, ал құрылыс материалдары 7,1 млн тоннаны құрады.

Жүктердің бірқатар негізгі номенклатуралары бойынша келесі өсім тіркеліп отыр: 12,1 млн тонна мұнай жүктері, 6,8 млн тонна қара металдар, 9,5 млн тонна темір рудасы тасымалданды.

Жүк тасымалының тұрақты оң қарқыны – теміржол көлігі қызметтеріне жоғары сұраныстың сақталуын және ел экономикасы мен отандық өнімді экспорттық жеткізуді сенімді көліктік қамтамасыз ететіндігін айғақтап отыр.

## СТУДЕНТЫ ПОЛУЧАЮТ ОПЫТ НА ОБЪЕКТАХ



**Студенты железнодорожных специальностей АЛТ Университета имени М. Тынышпаева проходят производственную геодезическую практику на объектах АО «НК «ҚТЖ». Совместный образовательный проект реализуется с 18 мая по 30 сентября и уже второй год подраяд объединяет усилия вуза и Дирекции магистральной сети.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

В этом году в программе участвуют 44 студента. На протяжении нескольких месяцев они работают под руководством опытных производственных наставников и преподавателей университета, получая возможность применить теоретические знания в реальных условиях железнодорожного производства.

Практика организована на участках НЖС-4 Караганда, НЖС-7 Алматы и НЖС-11 Актобе. Будущие специалисты задействованы на объектах железнодорожной инфраструктуры Алматинской, Актобинской, Мангистауской и Карагандинской областей.

Во время практики студенты выполняют полевую съемку железнодорожного пути, участвуют



в камеральной обработке данных, знакомятся с современными технологиями геодезического сопровождения инфраструктурных объектов. Кроме того, они осваивают навыки разработки продольного профиля железнодорожного пути, что является важной частью профессиональной подготовки будущих инженеров

и специалистов отрасли. Как отмечают сами участники проекта, практика позволяет увидеть работу железной дороги изнутри и получить ценный опыт еще во время обучения.

– На занятиях мы изучаем теорию и методы проведения измерений, а здесь можем применить эти знания на реальных

объектах. Работа рядом с опытными специалистами помогает лучше понять будущую профессию и почувствовать ответственность за результаты своего труда, – поделился студент 2-го курса АЛТ Университета имени М. Тынышпаева Ильяс Бекболат.

По словам организаторов, главная задача проекта заключается не только в закреплении полученных в университете знаний, но и в формировании практических компетенций, необходимых для успешной работы на производстве. Работа бок о бок с опытными железнодорожниками помогает студентам лучше понять специфику профессии и повышает их заинтересованность в дальнейшем трудоустройстве в отрасли.

В АО «НК «ҚТЖ» отмечают, что развитие сотрудничества с профильными учебными заведениями остается одним из приоритетных направлений кадровой политики компании. Подобные проекты позволяют готовить квалифицированных специалистов, востребованных на производстве, и формировать кадровый резерв для дальнейшего развития железнодорожной отрасли страны.

Фото автора



**Алексей ГРОМ,**  
генеральный директор  
АО «ОТЛК ЕРА»:

«МЫ ОЧЕНЬ БЛИЗКИ К ТОМУ, ЧТОБЫ ДОСТИЧЬ ПОЛНОЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ ТРАНСГРАНИЧНЫХ ПЕРЕВОЗОК. ДЛЯ ЭТОГО НЕ ХВАТАЕТ ЛИШЬ НЕСКОЛЬКИХ ЭЛЕМЕНТОВ. ВАЖНО, ЧТОБЫ ИЗ ИНТЕГРАЦИОННОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ НЕ ВЫПАДАЛ НИ ОДИН УЧАСТНИК ПРОЦЕССА – ТОЛЬКО ТОГДА БУДЕТ ОБЕСПЕЧЕНА ПО-НАСТОЯЩЕМУ БЕСШОВНАЯ СИСТЕМА»

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

АО «НК «ҚТЖ»  
ПРЕДОСТАВИЛО СКИДКУ

**70%**

НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ТОВАРОВ.

АО «ТЕМІРЖОЛСУ»  
ВЫПОЛНИЛО РЕМОНТ БОЛЕЕ

**1 000**

ОБЪЕКТОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ.

БОЛЕЕ

**10 тыс.**

ДЕТЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ОТДОХНУТ В ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫХ ЛАГЕРЯХ КАЗАХСТАНА.

## ПОРТТАР ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Ақтау



Қазақстанға ресми сапары аясында Иран Ислам республикасының Жолдар және қала құрылысы министрі Фарзана Садек ханым мұнайлы өлкедегі «Порт Құрық» ЖШС және Ақтау халықаралық теңіз сауда портына барды.



«Құрық порты» ЖШС Бас директоры Еркін Нығметов пен «АХТСП» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Ғалым Айтжанов Иран делегациясын порттардың қызметімен, оның өндірістік қуаттылығымен және ағымдағы операциялық мүмкіндіктерімен таныстырды. Қонақтар назарына кәсіпорындар жұмысының негізгі бағыттары, іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалар, сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды буыны ретінде порттарды одан әрі дамыту перспективалары ұсынылды.

Кездесу барысында тараптар көліктік-логистикалық өзара іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты кеңейту, өзара сауда көлемін ұлғайту және транскаспий маршруттарын дамыту мәселелерін талқылады. Мультимодальды тасымалдардың тиімділігін арттыруға және халықаралық жеткізу тізбегіндегі Құрық портының рөлін нығайтуға ерекше назар аударылды.

Жұмыс кездесуінің қорытындысы бойынша тараптар жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға және теңіз логистикасы мен порт инфрақұрылымы саласындағы бірлескен бастамаларды іске асыруға бағытталған әріптестік қатынастарды одан әрі дамытуға өзара мүдделілігін растады.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ЭВАКУАЦИЯЛАУДЫҢ ӨЗ ТӘРТІБІ БАР

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



Атырау магистральдық желі бөлімшесі, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Атырау» және «Қазтеміртранс» филиалдары азаматтық қорғаныс іс-шаралары аясында «Өрт кезінде қызметкерлерді эвакуациялау» тақырыбында қалалық төтенше жағдайлар басқармасымен бірлескен практикалық оқу-жаттығу өткізді.

Қандай да төтенше жағдайлар кезінде адамдардың абдырап қалатыны рас. Ондайда салқынқандылық пен ұстамдылық аса қажет. Сондықтан оған жаттығып отырудың артықшылығы жоқ. Аталған іс-шара Атырау өңірінде ауа температурасының күрт жоғарылауы мен өрт қаупі туғандықтан теміржол қызметкерлерінің төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарын пысықтауға, қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және төтенше жағдайларға дайындық деңгейін жетілдіруге бағытталған.



Жаттығу шартына сәйкес, ғимараттың екінші қабатында электр желісінің қысқаша тұйықталуынан өрт шығып, қапталдас тұрған басқа мекеме ғимаратына қарай өршуі мүмкін деген болжаммен дабыл қағылды. Бірінғай құтқару қызметі «112» және ТЖД кезекші бөліміне шұғыл хабарлама беріліп, сол сәтте қызметкерлерді эвакуациялау басталды. Жиналу алаңында Азаматтық қорғаныс саласының жетекші инженерлері қызметкерлерге дабылға назар аударып, кері байланыс жасаудың тәртібін түсіндірді. Өрт сөндіруші «112» қызметкерлері оқиға орнына шұғыл жетіп, бірнеше минутта өртті сөндірді. Өрт қаупі жойылып, толық қауіпсіздік қамтамасыз етілген соң қызметкерлер еңбек орындарына оралуға рұқсат алды.

«Тілсіз жаудың қашан, қайдан келіп қалғанын білмей қалатын жағдайлар көп кездеседі. Әсіресе жүздеген адам еңбек ететін ғимаратта өрт шыққан не басқа бір төтенше жағдай орын алған кезде қызметкерлер қалай әрекет етуі керек, ондайда өздерінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтау үшін не істемек керек? Міне, осыны білу үшін бүгінгідей оқу-жаттығу жұмыстары жиі өтіп тұруы қажет, – дейді жаттығуға қатысқан мекемелердің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлардың алдын-алу инженерлері Марта Сисенова мен Нұрлан Сұлтанғалиев.

*Суретті түсірген автор*

## ТИІМДІ ҒЫЛЫМИ ТАҒЛЫМДАМА



Семей темір жолында өндіріс пен ғылымды қатар ұштастырып түрлі жетістіктерге жетіп жүрген білікті мамандар жетерлік. Олар көлік саласындағы тың инновациялық әдістемелерді меңгеруге, заманауи жаһандық үрдісті зерделеуге ден қойған.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Жуырда Семей станциясының бас инженері, «ҚТЖ 100 жас есімі» жобасының жеңімпазы, «М.Тынышпаев атындағы АЛҒ Университеті» АҚ магистранты Бекзат Кәрімханов Өзбекстан астанасындағы Ташкент мемлекеттік көлік университетінің базасында арнайы ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтты. Бұл сапарға барып қайтуына Семей магистральдық желі бөлімшесі демеушілік жасап, біліктілікті шыңдауға ден қойған жас зерттеушілерге үнемі қолдау көрсететін Айдын Шәуежанов қолдау білдірген. Басты мақсат – көлік саласындағы заманауи технологиялар бойынша жаңа білім алу, тәжірибе алмасу, сондай-ақ кәсіби құзыреттерді дамыту және инженерлік университеттегі білім беру үдерісімен танысу болатын.

– Ташкент бізді таңғалдырды. Бауырлас елдің көлік-логистика саласы біршама дамыған. Өндіріске озық технологиялар енгізуде жетістіктері аз емес. Қызығушылығымызбен қатар аздап қызғаныш сезімі оянғанын да жасырмаймыз. Жалпы, тағылымдама барысында университеттің жетекші ма-



мандарының дәрістерін тыңдадық. Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы, сондай-ақ университеттегі оқыту ерекшеліктері қарастырылды. Тағылымдамада теориялық дайындықты пысықтап, ғылым мен техниканың өзекті мәселелерін талқыладық, – дейді Бекзат Нұрланұлы.

Ең бастысы, сапар нәтижесінде логистика саласындағы тың ғылыми зерттеулер мен заманауи көлік технологиялары бойынша мол білім жинап қайтыпты. Яғни, кәсіби

саладағы дүниетаным кеңейтіліп, мамандық бойынша тың ақпараттар жинаған. Айтудыңа, жаһандық көлік саласындағы инновациялар қарастырылып, электрлік және жүргізушісіз көліктің дамуы, зияткерлік көлік жүйелері (ITS), логистиканың цифрландыру және жасанды интеллектті пайдалану мәселелеріне қанығыпты. Сондай-ақ тасымалдау қауіпсіздігін арттыру, қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылату жайы да талқылау өзегіне айналыпты.

Көрші елдері ағайындар теміржол саласындағы технологиялық процестерге ғылымды да кеңінен енгізген екен. Ташкенттегі жоғары оқу орнындағы оқытудың басты ерекшелігі де сол. Университеттегі магистрлер зертханалық жұмыстар жүргізіп, түрлі жобалардың маңыздылығына терең үңіледі. Яғни, салалық қызметтегі болашақ инженерлерге қойылатын талаптар біршама кеңейген. Бұл орайда теміржолдағы тасымалды ұйымдастыру және басқару саласы бойынша білім көкжиегін кеңейтіп, халықаралық деңгейде зерделеу жұмыстарын қолға алған Бекзат Кәрімханов сынды өндіріс пен ғылымды ұштастырған мамандар үшін осынау ғылыми тағылымдаманың көмегі көп болғаны сөзсіз.

*Суретті түсірген автор*

## ҮЗДІК ЖОБА ИЕГЕРІ

Бүгінде жол шаруашылығына «МПЭШ-65» топсалы түріндегі металл полимерлі төсемді жаңғырту тәсілін енгізудің тиімділігі айқындала түсуде. Мамандардың айтуынша, төсемнің мұндай түрі механикалық беріктікті қамтамасыз етіп, рельске оңтайлы бейімделетіні тәжірибе жүзінде дәлелденген.

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл

Барлық өңірдегі темір жол саласының жаңашыл, идеяшыл мамандарының басын қосқан «Рационализаторлық – техникалық дамудың негізі» атты конференцияда осы рационализаторлық ұсыныстың авторы – Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі Түлкібас жол дистанциясының бас инженері Шамшидин Дадабаев үздіктер қатарынан көрініп, 3-орын иегеріне арналған 259 500 теңгенің қаржылай сертификатына ие болды.

Сала мамандарының сөзіне сүйенсек, бұл рационализаторлық ұсыныс тозған тығыздағыштарды қайта пайдалану және кесу дискісін, тегістеу қағазын және эпоксидті тез кептіретін материалды пайдалану арқылы оны жаңартып, қызмет ету мерзімін ұзарту арқылы металл полимерлі

төсемдердің қажеттілігін үнемдеуге мүмкіндік береді екен. 4400093939 жүкқажатына сәйкес, 1 металл-полимерлі төсемнің құны 70456,88 теңге. Сатып алу үшін қажетті шығындар 70X70456,88 = 4931981,6 теңгені құрайды: ұсыныстан кейінгі шығындар көлемі – 3006,96 теңгеге жеткен. Тиісінше экономикалық тиімділік: 4931981,6 - 3006,96 = 4 928 974,64 теңгені көрсетіп отыр.

– 2025 жылы мамыр айында желініп, істен шыққан топсалы төсемді алып, жөндеуден өткізіп, МПЭШ - 65 төсемдерін ауыстырып салдым. Бір жылдың ішінде желінбеді, еш сыр бермеді. Бір ғана нүктедегі төсемді жаңғырту арқылы қаншама үнем жасалды. Дистанция бойынша экономикалық тиімділігі 4928974,64 теңгені құрады. Былтыр Абайыл және 4 станциядағы жылыту пункттерінде, 2024 жылы жаяу



жүргізушілер төсемдеріне жөндеу жүргіздік, – дейді бас инженер. «Үздік рационализатор» төселгісімен 2022 жылы марапатталған өнертапқыш бас инженердің осы рационализаторлық ұсынысы конкурсу қорытындысы бойынша үздік деп танылып, III дәрежелі дипломмен марапатталып, қаржылай сертификатқа ие болып отыр.

Темір жол саласында 39 жылдан бері үздіксіз еңбек етіп келе жатқан білікті маман еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ісіне аса жауапты, сала ісін дамытуда ізденісі көп сарапшы. Оның бүгінге дейін жұмысшылардың еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған он шақты жобасы тиісті бағасын алған.

Әріптестері Шамшидин Дадабаевты кәсіби маман деп бағалайды. ПЧ, ЭЧ, ШЧ дис-

танциялары басшыларының шақыруымен практикалық дәрістер өткізіп тұрады. Оған қоса, жыл сайын пойыздардың қозғалысын қамтамасыз ету және малдың шойын жолға шығып кетуін болдырмау үшін магистральдық желі бойына қоршау салу кестесінің жоспарын әзірлейтін көрінеді.

Шамшидин Нәжімұлы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жетекші инженер болып жұмыс істеген 15 жыл ішінде дистанцияда жұмысшылардың жарақат алу жағдайларының тіркелмеуі – оның өз ісіне қаншалықты жауапкершілікпен қарайтынын көрсетсе керек. Осы нәтиже үшін ҚТЖ басшылығы оны «Еңбекті қорғау саласындағы сенім» сертификатымен марапаттаған.

*Суретті түсірген автор*

## ТАСЫМАЛ ТІЗБЕГІ БІР АРНАДА



Сыр өңірінің тыныс-тіршілігі мен экономикалық даму қарқынын теміржолсыз елестету мүмкін емес. Өндіріс өркендеп, кәсіпорындар қуаты артып, аймақтың әлеуеті еселеніп жатса, оның артында аймақ экономикасының күретамыры теміржол көлігі тұр.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Бөлімше директорының орынбасары Мейрамбек Шолтабаевтың айтуынша, соңғы он жылда Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесі күрделі реформалар кезеңінен сүрінбей өтті. 2016 жылдан басталған құрылымдық өзгерістер аясында Локомотив сервис орталығы мен ВЧД мекемелерінің бір арнаға тоғысуы басқару тиімділігін арттырып, тасымал тізбегін жаңа деңгейге көтерді. Бұл жаңғыру бөлімшенің өндірістік қуатын күшейтіп қана қоймай, локомотив паркін басқаруда заманауи әрі жүйелі тәсіл қалыптастырды.

Бүгінде бөлімше аймақтағы ең ірі индустриялық жобалардың сенімді тірегіне айналды. Шиелі өңіріндегі «Гежуба Шиелі Цемент» зауыты іске қосылғалы бері жүк тиеу көлемі бірнеше есеге артып, тек 2023 жылдың өзінде 626 мың тоннадан астам цемент жөнелтілді. Бұл – өндіріс пен темір жолдың өзара үйлесімді жұмысының нақты нәтижесі.



Сондай-ақ Қызылорда торабы арқылы «Орда Глас» шыны зауытының өнімдері жүйелі түрде тасымалданып, 2025 жылы жүк көлемі 2686 вагонға дейін жетті. Бұл көрсеткіш өңірдегі өнеркәсіп әлеуетінің артып келе жатқанын білдіреді. Сонымен

қатар Сексеуіл бағыты бойынша «Xinglianhe» ЖШС рудаларын тасымалдаудың басталуы бөлімшенің халықаралық транзиттік маңызын арттырып, экспорттық мүмкіндігін кеңейтті.

Бөлімшенің табысты жұмысының тағы бір маңызды бағыты – инфрақұрылымды жаңғырту. Қызылорда локомотив депосы мен айналым деполарында жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары, жаңа әкімшілік-түрмыстық кешендердің іске қосылуы, техникалық пункттер мен өткелдердің, басқа да нысандардың жаңартылуы – еңбек адамдары үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар. Ал АСУ ЭММ цифрлық жүйесінің енгізілуі бөлімшенің технологиялық тұрғыдан заман көшінен қалмай, жаңа индустриялық дәуірге нық қадам басқанын көрсетеді.

– Қызылорда бөлімшесінің әр жетістігінің артында теміржолшылардың тынымсыз еңбегі жатыр. Біз үшін ең басты міндет – жүк тасымалының қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар теміржолшы мамандығының беделін арттырып, жас мамандарға қолдау көрсету, – дейді бөлімше директорының орынбасары Мейрамбек Шолтабаев.

Сондықтан бөлімше кадр даярлау мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Мысал келтіре кетсек, соңғы 10 жыл ішінде бөлімше базасында 145 машинист даярланып, 136 маман кәсіби деңгейін көтерген. Бұл – тәжірибе мен білім сабақтастығының нақты көрінісі.

*Суретті түсірген автор*

## ОТ ТЕОРИИ К ПРАКТИКЕ



ОБУЧЕНИЕ

**В Акмолинском отделении магистральной сети проходят показательные технические занятия по проведению комиссионных месячных осмотров.**

Обеспечение безопасности движения поездов начинается с повседневной работы на станциях. Именно поэтому в АО «НК «КТЖ» особое внимание уделяется качеству проведения комиссионных месячных осмотров (КМО), позволяющих своевременно выявлять и устранять недостатки в содержании технических устройств и организации перевозочного процесса.

В целях повышения уровня безопасности движения, усиления персональной ответственности руководителей станций и совершенствования практики проведения комиссионных месячных осмотров было направлено телеграфное указание о проведении технической учебы и показательных занятий на сети железных дорог.

В Акмолинском отделении магистральной сети на основании данного документа утвержден график проведения показательных технических занятий и практических натурных разборов порядка проведения КМО. В мероприятиях принимают участие начальники станций, представители служб движения, пути, сигнализации и связи, электроснабжения, а также специалисты других причастных подразделений.

Первое занятие состоялось 18 июня на станции Кокшетау. Его участниками стали

работники более десяти станций региона. В ходе практического разбора были рассмотрены требования нормативных документов, порядок проведения комиссионного месячного осмотра, оформление результатов проверок и алгоритм устранения выявленных замечаний.

Дальнейшие занятия запланированы на станциях Астана, Атбасар и Жанаесиль. Такой формат позволяет не только закрепить теоретические знания, но и обменяться опытом между руководителями станций, обсудить проблемные вопросы и выработать единые подходы к организации работы.

Особое внимание уделяется проверке знаний начальников станций, их заместителей и главных инженеров. По итогам тестирования специалисты получают письменное заключение о допуске к проведению комиссионных месячных осмотров.

Как отметил начальник службы безопасности движения Бауржан Ералин, главная задача проводимой работы заключается в предупреждении нарушений и формировании устойчивой культуры безопасности.

– Комиссионный месячный осмотр является одним из наиболее эффективных инструментов профилактики нарушений безопасности движения. Важно не толь-



ко выявить недостатки, но и определить причины их возникновения, организовать своевременное устранение замечаний и исключить повторение подобных случаев в дальнейшем. Именно на это направлены проводимые показательные занятия и практические разборы, – подчеркнул он.

По мнению специалистов, регулярное обучение и обмен практическим опытом позволяют повысить уровень профессиональной подготовки работников станций и обеспечить единое понимание требований нормативных документов на всей сети.

Проводимая работа подтверждает, что вопросы безопасности движения остаются главным приоритетом железнодорожной отрасли, а совершенствование системы комиссионных месячных осмотров способствует повышению надежности и устойчивости перевозочного процесса.

Айлин БАУРЖАН  
Фото автора

## Актуально

### ДВИЖЕНИЕ ПО ВОСХОДЯЩЕЙ

**Сегодня Региональный центр управления движением поездов Юго-Восточного региона (РЦУП-2 Алматы) по праву считается одним из наиболее динамично развивающихся подразделений железнодорожной отрасли. Коллектив центра успешно решает задачи по организации и управлению перевозочным процессом, обеспечивая бесперебойное и безопасное движение поездов на обслуживаемом полигоне.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,  
Алматы

Анализ итогов операционной деятельности РЦУП-2 за пять месяцев 2026 года показывает, что отчетный период проходил в условиях повышенной нагрузки на инфраструктуру, масштабной ремонтно-путевой кампании, роста объемов перевозок и нестабильной поездной обстановки.

Благодаря слаженной работе диспетчерского аппарата и эффективному взаимодействию со структурными подразделениями достигнуты основные производственные показатели. Высокий уровень координации действий способствовал устойчивой организации перевозочного процесса.

Эксплуатационный грузооборот выполнен на 102,7% к плану и составил 36 825 миллионов тонно-километров. Производительность локомотива достигла 1 367 тысяч тонно-километров брутто, что составляет 101,2% от планового задания. Среднесуточный пробег локомотива составил 552,1 километра, или



